

В НОМЕРЕ:

7

Мектеп мақтанышы

13

Горный туризм
в Алматы

16

Живая библиотека

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№1-2
(406-407)
от 31 января
2024 года

сeнiң әлeмiн



**Биыл 2024 жылы ұлт мақтанышы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 125 жасқа толып отыр.
Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, профессор, академик туралы газеттің
3 және 8 беттерінен оқи аласыздар!**

**В 2024 году исполняется 125 лет со дня рождения Каныша Сатпаева,
ученого с мировым именем. Читайте на 3 и 8 полосах.**



№1-2

(406-407)

от 31 января
2024 года

В этом году Казахстан отмечает большую дату – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева – великого сына казахской степи, с именем которого



связаны огромные достижения в науке и промышленности.

Каныш Сатпаев – ученый с мировым именем. Особенно ценится его вклад в развитие геологии как науки. Каныш Имантаевич участвовал в разработке и осуществлении грандиозных проектов в Казахстане, которые до сих пор влияют на экономическое состояние и развитие нашей страны.

Биография ученого началась 12 апреля 1899 года. Мальчик появился в Павлодарском уезде (Семипалатинская область) в семье уважаемого и образованного (главы аула) Имантая и его второй жены Алимь. Назвали ребенка Габдул-Гани, мать ласково звала Ганыш, а в школе за ним навсегда закрепилось имя Каныш. Начальные знания Каныш получил в школе родного аула, затем было русско-казахское училище в Павлодаре, которое с отличием окончил в 15 лет. Новой образовательной ступенью Сатпаева стала Семипалатинская учительская семинария. Юноша готовился поступать в вуз, но начались проблемы со здоровьем: доктора обнаружили у молодого человека туберкулез. Этот недуг ранее омрачил детство Каныша – забрал жизнь матери, когда ему едва исполнилось два года. Пришлось отодвинуть планы и отправиться домой на лечение.

Образованного 20-летнего юношу назначают председателем Казкультпросвета, избирают народным судьей в Баянаульском районе. Здесь в 1921 году произошло знакомство, которое дало иное направление всей жизни Каныша.

На лечение кумысом в эти края приехал ученый Михаил Антонович Усов. Он увлек юношу рассказами о значении полезных ископаемых. После этого Каныш стал студентом технологического института в Томске, где через пять лет получил диплом горного инженера. Работать отправился в Атбасарский трест, с которым связаны дальнейшие 15 лет его трудовой биографии. Сатпаев, изучая местность как геолог, по ряду признаков предположил, что запасы меди здесь большие. Он открыл месторождение, которое было весьма перспективным. Но для его освоения требовалось расширить старый завод и создать вспомогательную инфраструктуру. На этом пути возникали препятствия, которые Сатпаев

настойчиво преодолевал.

Всесоюзный Совет народного хозяйства не признает выводы молодого инженера, после чего Сатпаев добивается приема у председателя Госплана СССР Кржижановского и убеждает его увеличить объемы исследовательских работ. Позже он обосновал свои предложения и перед наркомом тяжелой промышленности Орджоникидзе. Нужны были дополнительные средства, их удалось добыть у трестов, заинтересованных в меди. На уровне АН СССР Сатпаев доказывал возможность и необходимость осваивать месторождение. После его доклада АН поддержала идею строительства Джезказганского объекта в 3-й пятилетке, а позже такое решение было принято на государственном уровне. К 1940 году строительство железной дороги и водохранилища завершились. За прорыв в освоении природных богатств Казахстана Каныш Сатпаев был награжден орденом Ленина. В начале Второй мировой войны в СССР возник острейший дефицит марганца. Каныш Имантаевич сделал предложение по освоению обнаруженных ранее запасов марганца в Джезде. Руд-



ник был построен в течение 40 дней, а в июне 1942-го уральские заводы уже работали с добытым в Джезде сырьем. Коллектив получил Сталинскую премию.

В 1940-е годы Сатпаев прославился как авторитетный организатор науки в КазССР. С 1941 года его назначили заместителем председателя филиала АН СССР. Вскоре он получил орден Ленина за успехи в развитии КазФАН. Ученый обосновал важность организации национальной АН, подготовка к которой началась в 1944 году. Академию Наук КазССР открыли в начале лета 1946-го, а выдающегося геолога избрали ее первым президентом.

В послевоенные годы по стране прокатились новые репрессии. Коснулись они и Сатпаева. Многочисленные комиссии требовали уволить ряд казахских ученых, на что президент АН не дал согласия. Тогда его самого обвинили в ряде нарушений и сняли с поста в ноябре 1951 года. Но он остался руководителем Института геологических наук. При нем учреждение стало крупным центром, изучающим минеральные ресурсы Казахстана, а в научной среде СССР – третьим по значению после Московского и Ленинградского институтов. После из-

менения ситуации в СССР дело Каныша Сатпаева пересмотрели, его вновь избрали президентом АН Казахстана. В конце 1950-х – начале 1960-х годов ученого избирали депутатом Верховного Совета СССР, делегатом XXI и XXII съездов КПСС.

Источник: <https://www.nur.kz/>

Интересные факты о Каныше Сатпаеве

1. В младенчестве Сатпаев не был Канышем. Ему дали имя Габдул-Гани. В переводе с арабского означает «раб всемогущего и всемилостивого Аллаха». Мама стала называть малыша Гани, потом еще ласковее – Ганыш. Вскоре все стали звать его Каныш.

2. Самый большой проект академика Каныша Сатпаева был канал «Иртыш-Караганда». Сатпаев в 1958-1959 гг. второй раз поднял вопрос о поднятии вод Иртыша до

народ намного выше меня».

6. Каныш Сатпаев спас от преследования известного ученого археолога Алькея Маргулана и взял на работу в филиал Академии Наук СССР в Алма-Ате. Также Сатпаев дал ему совет заняться археологическими исследованиями.

7. Великие казахские сыны Каныш Сатпаев и Мухтар Ауэзов были друзьями. Писатель и ученый вместе учились в Семипалатинской семинарии. По словам Салимхана аксакала, они жили в одном общежитии, в одной комнате. Дружба двух великих талантливых людей длилась до самой смерти.

8. Каныш Сатпаев очень любил горы с разноцветными камнями, огромную степь. С малых лет он собирал эти камни, разукрашенные в различные цвета.

9. Каныш сказал: «Для правильного развития науки в Казахстане необходимо, чтобы в его штабе – в Академии наук работали люди, полностью преданные своему народу, своей Родине».

10. Каныш Имантаевич очень хорошо играл на домбре и на гитаре. Любил исполнять казахские и украинские песни. Также он добавил в сборник Александра Затаевича 25 казахских песен, которые сегодня считаются жемчужиной народного творчества. В общей сложности Сатпаев написал более 800 трудов по разным областям науки и культуры.

11. В процессе подготовки карты подземных полезных ископаемых по поручению Москвы Каныш Сатпаев не отметил на ней несколько крупных рудников. На вопрос ученых «Как же так?», он ответил: «Руды эти находятся глубоко в земле. Потребуется много денег и техники, чтобы освоить их. Поэтому еще рано отмечать эти места на карте». А со своими близкими друзьями Мухтаром Ауэзовым и Алькеем Маргуланом он поделился: «Я специально скрыл эти рудники. Ведь нашим потомкам тоже необходимо!».

12. Отметил незаурядность ученого и премьер-министр Англии Антони Иден: «В Англии нет заметных личностей среди националов, а в Советском Союзе есть деятели мировой величины, например, как Каныш Сатпаев, это удивительное явление».

13. Каныш Сатпаев рано начал увлекаться этнографией. С малых лет читал легенды и сказки, в которых упоминались названия различных мест, рек и озер. Повзрослев, он начал изучать геологию. Увлечение топонимикой впоследствии сыграло важную роль в его исследованиях.

Источник: <https://e-history.kz/ru/news/show/3890>





№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

Аланның арманы орындалды

Азат Алан Павлодар қаласының «Музыкалық колледж» – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ-нің труба сыныбы бойынша 2-сынып оқушысы. Ол үрмелі және ұрмалы аспаптар бөлімінде оқиды. Аланның табиғи және музыкалық қабілеттері жақсы. Жасына қарамастан, оның аспап пен ойнағаны кәсіби



дейгейде байқалады. Барлық сабақтарда үлкен қызығушылық, бастамашылық, белсенділік танытады.

Барлық кәсіби музыканттар сияқты, Алан да өзінің жеке музыкалық аспабына ие болуды армандады. Ол өзінің арманы туралы еліміздің Президенті



Қасым-Жомарт Тоқаевқа жазған хатында бөлісті. Қасым-Жомарт Кемелұлы Аланның арманын орындап, жаңа жыл қарсаңында музыкалық аспап сыйлады. Аспапты Павлодар облысының әкімі Асаин Байханов табыстады.

Өңір басшысы Аланды құттықтап, Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқыды.

Оның оқытушысының айтуынша, жақын арада Алан өзінің жаңа аспабында ойнай отырып, ертүрлі деңгейдегі бірнеше байқауларда өз шеберлігін көрсететін болады.

Ботагузов Мәди,
Кәсіби оқыту бойынша
басшының орынбасары,
Музыкалық колледж –
дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат

Ғажайып сәт

Қыстың басталуымен бәріміз Жаңа жыл мерекесін асыға күтеміз. Бұл керемет уақыт. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, маған осы мерекеге дайындалған қатты ұнайды. Бұл отбасыңа, достарыңа сыйлықтар дайындау. Бүкіл отбасы шыршаны, үйді безендіріп, ғажайыпты күтеді.

Сонымен қатар, ұстазым және сыныптастарыммен бірге сыныбымызды мерекеге дайындадық.



Мен сияқты олар да Жаңа жыл мерекесін асыға күтеді. Алдымызда қысқы демалыс күтіп тұрғандықтан, екінші тоқсанның соңғы күндерін қызықты өткізуге тырыстық. Бірігіп мега бояуды құрастырып, боядық. Аяз атаға хат жаздық. Жаңа жыл мерекесінде өлең оқып, ән айтып, би биледік. Жаңа жылда армандарымыз орындала берсін!

№39 ЖОББМ
3 «А» сынып оқушысы
Байжан Әдия

Оқуға құштар мектеп

Республикалық «Оқуға құштар мектеп жобасы аясында білім беру бөлімінің жоспарына сай мектебімізде «Халық ауыз әдебиетінің білгірлері» атты викториналық сайысы өткізілді. Сайысқа Ямышев мектебінің оқушылары да қатысып, өз білімдерін сынады. Сайыстың қадірлі қонағы Павлодар ауданы білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Ергалиева Ақүкі Балтабайқызы және мектеп кітапханашысы Сауле Майданбековна Төлеубаева қазылар алқасы болып сайланды. Мектеп басшысы Айнұр Шалабайқызы «Оқуға құштар мектеп» жобасының оқушылар үшін маңызы туралы айтып өтіп,

барлық қатысушыларға сәттілік тіледі! Сайыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, суреттерден құрастырып, өз білімдерін көрсетті. Екінші кезең – «Алты жұмбақ» - қатысушылар берілген жұмбақтардың шешуін тауып жауабын үш тілде айтып берді. Үшінші кезең «Жекпе-жек» үш тақырып бойынша берілген ұяшықтардағы сұрақтарға жауап берді. Сайысқа қатысушы оқушылар өз білімдерін ортаға салып, озық нәтижелер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша: 1 орын - Кеңес негізгі мектебінің 4 сынып оқушысы Қуандық Балнәр иеленді, 2-орын - Кеңес негізгі мектебінің 4 сынып оқушысы Ко-

жаева Малика иеленді, 3-орынды Ямышев жалпы орта білім беру мектебінің 4 сынып оқушылары Салихан Айжұлдыз және Ардабек Інжу иеленді. Барлық жүлдегер оқушылар дипломмен және бағалы сыйлықпен, бүгінгі таңда маңызы зор кітаппен марапатталды.

Шара барысында мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, 2-3 сынып оқушыларының орындауында «Отаным, Қазақстаным» тақырыбындағы өлең жолдарың жырласа, 5-6 сынып орындауында «Болашағы біз елдің» әні, 5-7 сынып қыздарының орындауында «Қазақ биі» көрермендердің көңілің көтерді. Тәрбиелік маңызы зор шараға қатысушыларға және



ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз!

Мадине Азира
Кеңес мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.

Асыл әжем

Артта қалған балғын балалалық шағым! Таң атқаннан күн батқанша, ол аз болса түннің ортасына шейін көше басына көтеріп, шулап ойнаушы едік. Алаңсыз шақ. Әке-шешелеріміз колхоздың қызу жұмысы қамымен балаларының барын ұмытқандай, кім білсін, әйтеуір таңертеңде сүт тартқан дыбысынан анамыздың барын біліп, шай ішкендегі әкеміздің жөтелінен үйде барын аңғаратынбыз. Эээһ, соны естіген біз анамыздың жылы құшағына тығылып, тәтті ұйқымыздың тұтқыны бола кететінбіз. Айтпақшы анамыздың тартқан қаймағы туралы. Ұйқының тәтті торынан босағасын таңғы тамақ қамына кірісетінбіз. Бізге о кезде арнайы ботқа, немесе сұйық көже пісіріп кету қайдам... Әйтеуір тұрғасын өз тамағымызды өзіміз жасап, шайымызды қайнатып ішетінбіз. Ең қызығы, тұрғанша өзіміздей көрші балалар қаптап кетіп, сол анамыздың тартқан қаймағын бірақ тоңқарып бітіретінбіз. Ол аз болса көрші үйдің бір кастрөл айранын, тағы бір тегеш қаймағын, сәті түссе қоспаға да маз болатынбыз. Енді қызығы алда.. Түске таман әр үйден «Әй көғала, мынау қаймақты кім жеп қойды, а?! », «Құдайым-ай, таңертең ғана айран толып тұрушы еді ғой, Қабеш, тағы да

балаларды ертіп келдің бе?» деген көрші апайлардың қатты дауысы шығып, артынан балалардың жылағаны қоса естілетін. Дәл қазір сол шақты ерекше жылулықпен, еске алсам, сол кезде бәріміз бытырай қашып картоптың арасына, ескі шақптың ішіне, әрі кетсе көрші үйге тығыла қашатынбыз. Айтпақшы, сол кездің балалары өз беттерімен өсті деген ойға қалмаңыздар! Қайдан екенін білмеймін, әйтеуір әр үйде бір-бір кемпір болатын. Қызығы, үйдегі анамыз үшін көрші әжелер - кемпір, ал өз енесі - әже болатын. Кәдімгі қазақи әже, иә. Нағыз әже! Ондай әжені бүгінде табу - үлкен проблема ғой! Нағыз дегенім үстіндегі киімі де қазақша, сөзі де қазақша, ойы да қазақша. Сол шақтан артта қырық жыл тастаған менің ойыма қызыл жалаудың саясатына жас көшеттерді қыздырмай, құлағына қазақ сөзін құйып, бойына қазақи иісін сіңіріп, мәңгірт боп бара жатқан ұрпақтың құлағына «Сен қазақсың, қазақсың! Атың Валя емес, Бибігүлсің, руың уақ, аталарың осындай адамдар болған... » деген сөздерін арғы аталарынан қалған аманатындай жетім қалдырмай, өле-өлгенше қайталауға шаршамайтын. Кім біледі, мүмкін сол Кәшкен әжеміздің тамшылап құйған сөзі тәуелсіздік лебімен тамырлап өсіп, осы ойларымды қазақ тілінде

жазуға себепші болып тұрған да шығар. Айналайын әжетайым, жаның жәнатта, жатқан жерің торқа болсын! Біз үшін әжеміз бір үлкен әлемдей болатын. Анамыздың ашуынан, әкеміздің қаһарынан сақтайтын қалқанымыз сияқты. Өзі сегіз құрсақ көтерген еді. Содан үшеуі ғана ер жеткен. Әкеміз - сегізінші баласы. Оны «соғыстан сұрап алған бала» деймін. Неге десеңдер, әкем 1943 жылы туылған. Соғыстың дауылы жарты әлемді жаулап, өртке айналдырған кезде. 1941 жылы атамыз трудармияға шақырылып, Қарағанды шахталарында жұмыс істеген. Жасы елуден асқаны бар, ауыр жұмыстан, ауыр тұрмыс жағдайынан қатты әлсіреген атамызды үйге қайтарады. Зұлқарнай атамызды қарындасы Көкенай ат арбамен Қарасуық стансасынан ауылға алып келеді. Сол жылы Көкенай тәтеміз колхоздың жинаған сүтінен бетін қалқып алып ағасына біразын құйып қалдыратын. Бір жағынан қарасақ - ұрлық. Сол үшін сотталып кетуге де болатын. Түрмеге қамалуға дейін. Бірақ қарындасының ағасына деген адалдығын айтсайшы! Колхоздан ұрлаған бір кесе сүтімен ағасын аяғына тұрғызып аман алып қалған. Артынан келесі жылы әкеміз туды. Әжеміз о кезде 41-дегі келіншек. Бұл - әкеміздің соңғы, сегізінші көтерген құрсағы.

Әкеміздің азан шақырып, қойған аты - Қуанышқұл. Содан біз, алты бала тарадық. Бес баласын жер қойнына берген әжеміз өте балажан, немерелеріне ерекше адал болатын. Бізді күрке тауық сияқты өзінен бір елі қалдырмайтын. Бізді тойдырмай, тамағынан ас өтпейтін. Ұйықтарда бізді қойнына жатқызып, түн тыныштығын, таң амандығын Алладан тілеуші еді!

Өлі есімде, сол күні қатты боран болатын. Қатты жел екпінінен үйдің шатыры сықыр-сықыр ететін. Құдды әлемнің зұлмат күштері жабылып өмір, тыныштығы үшін арпалысқандай! Дала ақтүтек боран. Сол аппақ долы әлемде біздің пеш қуысындағы салған төсегіміз, әкеміздің жылы құшағы, аузынан күбірлеп шыққан «бісміллә рахман еррахим..... күфуан аһады .. күф, күф, күф» деген сиқырлы сөздері бізді барлық өмірлік қиыншылықтарынан сақтайтын берік қамал, адал қорған-панамыздай болатын. Бүгінгі күнге жеткенім, осы өмірде аман-есен орнымды тапқаныма сол қара кемпір – әжемнің адал батасы, Алладан тілеген тілеуі деп ойлаймын. Осындай адал, нағыз әжелер қазақта таусылмасын деген ойменен әңгімемді тәмам етемін.

Темерханова Бибігүл
Шарбақты ауданы
Шегірен ЖОББМ мұғалімі



№№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

Жарты ғасырдан астам тарихы бар Байғабыл Жылқыбаев атындағы балалар өнер мектебінде оқушылар музыкалық, хореография, және көркемсурет бөлімдерінде өнердің алты бағыты бойынша білім алады.

Балалар өнер мектебінің қызметінің мәні - бастапқы музыкалық, хореография, көркемсурет және тағы басқа да қосымша жетілдірудің білім беру бағдарламасы болып табылады.

жұмыстары, аудандық көлемдегі мәдени іс-шараларды өткізу, сапалы музыкалық білім беру, музыка арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу, түрлі бағытта шығармашылық байқаулар ұйымдастырудың тәрбиелік мәнінің құндылығын білдіретін дәлел - бұл жоғары нәтиже. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, ұлттық салт-дәстүрді қастерлеп, құрметтеуге үйрету, патриоттық, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту, ұлттық өнерге ба-



Көп жылдар бойы жұмыс барысында кездескен кемшіліктер мен қиыншылықтарға мойымай мектеп тағдырымен біте қайнасқан педагогтар ұжымы мен оқушыларымыздың қол жеткізген жетістіктері мен келешектегі орындалатын

улу біздің мектебіміздің атқаратын қызметтерінің басым бағыттары. Соңғы 10 жылдың ішінде мектеп жаңа белестерді бағындырып, мектеп оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарда топ жарып, шет мемлекеттерден жүлдемен оралды.



Мектеп өзіне жүктелген үлкен парызын абыроймен атқаруда. Осы мектептен әрі рухани, әрі кәсіби бастауыш білім алып шыққан, түлектеріміз Қ.Р-ның Еңбек сіңірген қайраткері, Торайғыров университетінің доценті Каримов Талғат, мәдениет саласының үздігі, Павлодар музыкалық колледжінің оқытушысы Канаева Айнуір және Сайырхан Ерлік, Тулев Мәди, Мұфтан Ұғыбайдолла мектеп мақтаныштары. Бұл мектеп көптеген жасөспірімдерімізге өмірдегі өз жолдарын табуға, рухани тәрбие беруде ұлтымызды ұлықтауға еңбектерімен өз үлестерін қосу жолында өлшеусіз тер төгуде. Осы өнер шаңырағының шығармашылық

және ғылыми өсу жолы аудандық балалар мен жасөспірімдердің музыкалық, эстетикалық дамуын қалыптастыруда, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасауда, шығармашыл, еңбекқор, ұлтжанды, ішкі жан дүниесі бай, патриот тұлға тәрбиелеуде, оқушыларды өнер әлеміне қанат қақтырып, таланттарын ұштауда Байғабыл Жылқыбаев атындағы балалар өнер мектебінің атқарып жатқан еңбегі зор.

**М.Ахмет директордың
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары
Май ауданы «Байғабыл
Жылқыбаев атындағы
балалар өнер мектебі»**

Менің сүйікті кейіпкерім...

Өнердің ішіндегі ең бір қадірлі де қасиетті - көркем әдебиет деген пікір босқа айтылмаса керек. Қазақ әдебиетінен Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқып, негізгі кейіпкерлермен таныстық. Екі кейіпкер, ағалы-інілі бірге туған жандар, бірақ өмірде екеуі екі түрлі. Адал жолды, еңбекті таңдағаны арманына жетті, халқының ықыласына

бөленді. Арам жолды, ұрлық пен барымтаны таңдағаны өз өміріне балта шапты...

Маған ұнаған кейіпкер-Қыпшақ Сейітқұл. Неліктен ұнаған кейіпкер деп сұрар болсаңдар.... Ол ең алдымен отыз үйлі жанның үлкені мен кішісін байытуды, жақсы өмір сүргізуді ойлады. Өз қара басын ғана емес, «қарлығаштың қанатымен су себелегеніндей» халқыңа пайдасын тигізгісі келді. Осы ісінің өзі оның

көшбасшылық қасиетін даралап тұрғаны анық. Көпке үлгі болғаны, артынан ерген халқының оған сенгені-қолыңа кетпен алып, жер тегістеп, егін екті, арық қазып су жіберді. Не көрсе де елімен бірге маңдай тердің жемісін көрді. Сонымен бірге ол-кәсіпкер. Егіннің артығын сатты, малға айырбастап кәсіптің көзін тапты. Нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жігіт ағасы бола білді. Сол қиын-қыстау

кезде осы Қыпшақ Сейітқұлдай адал, еңбекқор, ақылды жандардың есебінен бүгінде халқым дәулетті, қайырымды деп ойлаймын. «Еңбек түбі-береке» дегеннің өзі де осы.

**Абдрахман Әсем
5 сынып оқушысы
№33 ЖОМ**

Асқақ арманым бар, бүгінде менің...

Мен - 8 сынып оқушысымын. Әкем - курд, анам - назаригозал ұлтының өкілдері. Отбасымызда жеті адамбыз. Бұрын Шымкент қаласында тұрдық. Ал былтырғы оқу жылының басынан Павлодар облысының Ленин кентіне көшіп келдік. Отбасымызбен тек қазақ тілінде сөйлесеміз, тілді жетік меңгергенбіз. Ертегі, батырлар жыры, жұмбақтар мен жаңылпаштарды ата-анамыз кішкентай кезімізден құлағымызға құйды, сондықтан

да болар тіліміз жатық, мектепте қазақ тілінде білім алып жатырмыз.

Әлі есімде кішкентай кезімнен-ақ көрші құрбыларыммен ойнағанда, әрине, мен ұстаз, олар шәкірт болып, жаз бойы ыстық құмды шимайлап әріптер жазып, сурет салып отыратынбыз. Сол кездің өзінде-ақ ұстаз болып, шын өмірімде бала оқытсам, әріпті танытып, өмірдің қыр-сырын, шежіре-дастандарын, аңыздарын, туған жерін қорғаған батырларын, аттары аңызға айналған ақын-жазушыларымыздың

өмір жолын, шығармаларын жас жеткіншектердің бойына сіңірсем, сол арқылы адамгершілік, қайырымдылық секілді асыл қасиеттерді бойларыңа тамтұмдап сіңірсем деген асқақ арманым болды. Оның да орындалар кезі жақын қалды... Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі болып, дана да дара ақынымыз Абай Құнанбайұлының, «Қазақтың мұзбалақ ақыны» Мұқағали Мақатаевтың жыр жауһарын, тәлім-тәрбиеге толы

асыл сөздерін ұрпақ санасына жеткізсем... деп армандаймын.

Ең бастысы - мен секілді әрбір жас жеткіншек еңбекке қабілетті, зейінді, білімді болуы қажет. Өз ісіне сенімді мамандығын дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетіп, елге адал қызмет ететіні белгілі.

**Рустамова Райхан
8 сынып оқушысы
№33 ЖОМ,
Ленин кенті**

Көркем шығарма- тәрбие көзі

Қазақ әдебиеті пәні өмірді түсінуге, ақ пен қараны айыруға, адалдыққа, еңбекқорлыққа, қайырымдылыққа, Отансүйгіштікке, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге-құрмет, кішіге-ізет көрсетіп, бауырмалдыққа жетелейді деген мұғаліміміз сөзі әрқашан жадымызда жаңғырып тұрады. Сабақта қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы Ыбырай Алтынсарин атамyzдың «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқып танысқанымыз осының куәсі.

Негізгі кейіпкер - тарихи тұлға. Атақты егінші Қостанай

облысы, Жангелдин ауданының Қарабидайық елді мекенінде тұрғандығын мүмкін біреу біліп, біреу білмес... Сыр бойындағы иеліктері егіншілікпен айналысуға таршылық ете бастаған соң, Торғай өңіріне келіп, Қабырға өзенінің бойында Қара қоға деген жерде тұрақтағаны, өзен жағалауында арнайы шығыр орнатып, аяқ егін, атпа егін әдістерін пайдаланып, өзеннен арықтар тартып, бөгендер салып, суармалы егіншілікті қолға алғаны туралы білдік. Диканның бұл еңбегі жемісті болып, бес алты жылдың ішінде алғаш келіп қоныстанған оннан астам үй 400-ге жеткен. Сонымен қатар Қыпшақ Сейітқұлдың аса

шығымды ақ тарысының тұқымы кейін бүкіл Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Жезқазған өңірлеріне тарап кеткен. Диканның барымташылардан сақтану үшін тұрғызған дуалы мен су тартқан арықтарының қалдықтары Көкалаат, Қызылоба, Қарақоға деген алқаптарда әлі күнге дейін сақталғаны бізді қатты таңғалдырды.

Қыпшақ Сейітқұл асқан шебер, сөзге шешен адам болған екен. Ел аузында бүгінгі күнге дейін Сейітқұл айтыпты деген, кәсіпшілікке байланысты қанатты сөздер көп сақталған. «Ексең егін - ішерсің тегін», «Жеті күн жауған

жаңбырдан желіп өткен су артық», «Өзен жағалағанның өзегі талмас», «Тамыр тартқан тарықпас», т.б. мағыналы сөздерін халық қалтқысыз қағидадай қабылдап, мақалға айналдырғаны жөнінде мұғалімнің түсіндіргенін қызыға тыңдадық...

Қыпшақ Сейітқұлдан еңбекқорлық, тәзімділік, қайырымдылық, адалдық секілді жақсы қасиеттерді бойымызға сіңірдік.

**5 сынып оқушысы
Бейсембай Айзере
№33 ЖОМ,
Ленин кенті**



№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

Мамандық таңдау - жүрек қалауым

Өмірдегі ең қиын, әрі жауапты кезеңнің бірі – мамандық таңдау. Әр баланың армандайтын мамандығы болады. Менің таңдаған мамандығым – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі. Бұл



мамандықты таңдаған себебім: біріншіден, білім алушыларға жақсы мен жаманды ажыратуға, төл әдебиетіміз негізінде сонау ықылым заманнан келе жатқан салт-дәстүрлерімізді, тарих қойнауынан жоғалмай осы күнге жеткен ақын-жазушыларымыздың төл мұрасымен таныстырады, өмір тәжірибесінде қолдануға бағыт-бағдар береді. Ал мен басқаларға білгенімді айтуды, үйретуді ұнатамын.

Екіншіден, бұл мамандық тәуелсіз ұрпақтың білімді болып өсуіне үлкен үлесін қосады. Менің де, ұрпақтың өсіп өркендеуіне тамшыдай болса да үлесімді қосқым келеді. Ата-бабамыздың бізге аманат етіп қалдырған жерін, қиянат жасамай сақтап қалу біздің міндетіміз болғандықтан әр тәуелсіз еліміздің азаматы тіліміздің, дініміздің, салт-дәстүрлеріміздің ары қарай жалғасып дамуына үлесін қосу керек деп ойлаймын.

Үшіншіден, мұғалім оқу үдерісінде білім алушыға дұрыс бағыт бағдар береді. Балалардың

болашағында мұғалім үлкен рөл атқарады, себебі, білім алу кезінде мұғалімдер әрқашан өзінің кеңестерін айтып, мамандық туралы түрлі деректер айтады. Осы бағытта мен де қиналып жүрген білім алушыларға өз кеңесімді айтып, әр нәрсенің оңай мен қиын жақтарын салыстырып, мамандық таңдауына және өскенде оны не күтетінін айтқым келеді.

Менің ойымша, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі болу үшін, оқыту тілі мен әдебиеті және тарих пәндерін жетік меңгеру керек. Мектепте мен мақтан тұтатын - Қаршыға Алейханқызы - химия-биология пәні, Гүлсім Рашитқызы - қазақ тілі мен әдебиеті пәні ұстаздарымның орны ерекше дер едім. Осындай білікті де білімді мұғалімдерден үлгі алып, болашақта білім алушылардың сүйікті мұғалімдерінің бірі болғым келеді.

Мамандықтың оңайы болмайды. Сондықтан, осы кезден бастап мен сабағымды жақсы оқып өз мақсатыма жетуді қалаймын. Ер жеткенде ата-анамның үмітін ақтап, өз таңдаған мамандығыма қол жеткіземін! Бұл үшін мен қазірден бастап түрлі сайыстарға қатысып жүлделі орындар алып, сабағымды өте жақсы деңгейде оқып жүрмін. Осы жылы қалалық балалар оқулары байқауында 3 орын, «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық республикалық байқауының қалалық кезеңінде 3 орын, қалалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауында 2 жүлделі орындарын иелендім. Қажырлы еңбек пен талаптың арқасында мақсатыма жетемін!

Уразбекова Анель
8 сынып оқушысы
№ 33 ЖОМ
Ленин кенті

Дарынды шәкірт - білікті ұстаздан

Ұстаз – ұлы есім. Мұғалім болу үлкен біліктілік пен жауапкершілікті, мейірімділік пен тиянақтылықты қажет ететін мамандықтардың бірі. Мұғалім болу оңай болып көрінгенімен, бірақ нағыз ұстаз болу екінің бірінен келе бермейтіні анық. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, ертеңгі күні қоғамда салиқалы азамат болуына бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы демекші, біздің балалар жақсы ұстаздан білім алуда. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы білім беру мектебінің 2 «Ә» сыныбының сынып жетекшісі - Нұрбике Тұрғанбайқызы Шахнова жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ұстазымыз бастауыш мектеп мұғалімінің тізгінін 25 жыл бойы абыроймен ұстап келеді. Нұрбике Тұрғанбайқызы өз ісіне берілген, шәкірттерінің бойына нұр құя білетін жан. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Нұрбике Тұрғанбайқызының осы күнге дейін сабақ беруден тыс, маман ретінде өз білім-біліктілігін зерделейтін жетістіктері де аз емес. Біріншіден, ұстаздың жан-жақты білімінің болуының, екіншіден, мұғалімнің өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігі мен бойындағы шығармашылық қабілетінің жоғары екенінің дәлелі деп білеміз. Шәкірттер ұстазынан тек қана білім ғана алмай, сонымен қатар тәлім-тәрбие де алады. Мектеп – балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар олардың

екінші анасындай деп айтсақ та болады. Ұстаздың алдына келетін балалар – біреудің маңдай алды жарығы, бірі – ерке не кенжесі, бірі – қой аузынан шөп алмас малыны. Сол маңдай алды жарығын жарқыратып, еркесінің бабын тауып, момынын өзін ортада еркін ұстайтындай тұлға етіп тәрбиелеу үшін үлкен шыдамдылық пен қажымас қайрат қажет. Алайда Нұрбике Тұрғанбайқызы 1 сыныптан бастап балаларымыздың тілін тауып, сапалы білім берумен қатар жақсы тәрбие беруде. Бүгінде ұстазымыздың жетекшілігімен келе жатқан 2 «Ә» сынып оқушыларының жетістіктері жетерлік. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойларына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде Нұрбике Тұрғанбайқызының еңбегі зор. Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі айрықша. Демек, оқушылар тек қана білім додаларында ғана емес, сондай-ақ түрлі спорт және тағы да басқа үйірмелерінде жетістіктерімен ерекшеленген. Бұл – оқушылардың жан-жақты екендігінің айқын көрінісі. Қиындығы да, қызығы да мол, ең бастысы – жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету болып табылады. Сол жолда тыңбай еңбек етіп жүрген сынып жетекшіміз – Нұрбике Тұрғанбайқызына алғысымыз шексіз.

Мәшһүр Жүсіп атындағы
жалпы орта білім беру
мектебінің
2 «Ә» сынып оқушыларының
ата-аналары

Көнеден жеткен қоңыр үн

Мысалы: Тәліп Жансая - Астана қаласында Өнер Академиясында 2-курс оқыса, Абенова Аида Өнер Академиясының Магистрі. Бұл алғашқы түлеп ұшқан қарлығаштарым Халықаралық, Республикалық байқаулардың лауреаттары.

2020-жылдың қазан айында ұстаздар мерекесіне орай, облыс әкімінің атынан Павлодар облысына сіңірген еңбегім үшін төсбелгі және ақшалай сыйақы алдым. 2023 жылдың 8-желтоқсанында Семей қаласында өткен Нурилла Азильханова атындағы 2-аймақтық байқауға қатысып, Шағала Ержанболат, Жансая Самат Бас жүлде алса, А. Жанбосинова, И. Аипова, А. Қазкенова, Г. Сманова сынды оқушыларым – 1 орынды иеленді.

Конкурс аясында «Қобыз аспабын үйренудегі алғашқы дағдылар» - тақырыбында қобыздан сабақ беріп жүрген әріптестеріме шеберлік-сабақ өткізіп, Семей облысы білім басқармасын атынан Сертификат және Алғыс хатпен марапатталдым.

Жұмысымның басты мақсаты жас ұрпақтың бойында ұлттық музыкаға деген махаббаты ояту, Қорқыт атадан қалған ұлттық өнерді сақтау, қобыздың адамның жан-дүниесіне қалай әсер етуі туралы зерделеу, балаларды конкурстарға қатыстыру.

Мен жетістікке жету үшін оқушымен әдеттегіден ұзағырақ дайындалып, әсіресе дыбыс сапасы мен штрихтарды дұрыс

алуды басты назарда ұстаймын. Оның ішінде ысқышты дұрыс пайдалану, шығарманың мазмұнын ашып ойнау. Баланың музыкалық орындаушылық тәсілін жетілдіре түсудің ең басты шарты - оң қол мен сол қолды еркін, әрі табиғи түрде дұрыс ұстауға, қолдың қойылымын үйрету иықтан бастаған жөн. Оқушы аспапта ойнау кезінде денесін тігірек ұстап, қолдың, иық, шынтақ, буын, білезік, саусақтарына дейін емінеркін ұстауды үйретемін. Баланың қабілетіне орай шығарма, этюдтар беріп, гамма ойнаймыз. Қобыз ойнауда ең маңыздысы қол қойылымы дұрыс, аспапта қысылмай еркін ойнау керек. Әрбір оқушыға дұрыс бағдар беріп, олардың дербес қабілеттерін ескеремін, қобызда әр түрлі шығармаларды ойнап, оқушыларымның аспапқа деген қызығушылықтары артуы үшін байқауларға жиі қатысып отырамыз.

Қобыз аспабы адам денсаулығына өте пайдалы. Қобыз әуені тыңдаушының ой-санасын өткен шаққа оралтып, уақыт салған жан жарақаттардың біртіндеп жазылып, жан дүниесі қазіргі уақытпен үйлесім табуына әсер етеді. Емдік ән, емдік музыка, музыкалық терапияның адам денсаулығын түзеуге, рухани жаңғыруға ықпал ететінін бағзы замандағы оқымыстылар да, қазіргі кезеңдегі ғалымдар да ғылыми негіздеген. Музыканы тыңдау барысында адамның биологиялық жасына қарамастан



оның интелектісінде, жадында, түйсігінде және шығармашылық бастауында даму үрдісі жүреді. Бұл туындылар да науқастарға рухани тазаруы үшін күш-жігер беріп, ағзаның жан мен тән сырқаттарын жеңіп шығуына жәрдемдесетін көрінеді.

Қоңыр үнді қобыз ғасырлар сырын жетелейтін киелі аспап. Қорқыт бабамыздан қалған қасиетті қара қобыз ғасырдан - ғасырды жалғап, сазды сарынын үзбей қазақ халқының қуанышы мен қайғысын жеткізіп келеді. Қандай шығарма орындалса да қобыз сарыны құлаққа жағымды, жылы естіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жәдігер болып жеткен құнды қо-быздың қоңыр үнін жас ұрпаққа үйрету, халқымыздың бай мұрасын бағалау, ұлттық музыканы оқушыға жеткізу - менің ең басты парызым деп білемін.

Жумашова Умиткул
Койшибаевна,
Павлодар қаласы Құрманғазы
атындағы
балалар музыка мектебінің
қобыз сыныбының ұстазы



№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасқа, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз» деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, ел ертеңі болып табы-

латын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп



қалыптастыруда ұстаздың орны бөлек. Міне, осы сәтте ұстаздық жолда еңбек етіп келе жатқан, ұлағатты ұстаз бастауыш сынып мұғалімі- Нұрзат Бауыржанқызын ерекше атап өткенді жөн көрдім.

Нұрзат Бауыржанқызы - ұлағатты ұстаз ғана емес, қос перзент тәрбиелеп отырған - аяулы ана. Жан дүниесіне үніле қарасаңыз өте байсалды, білімді, терең ойлы, тұла бойы тұнып тұрған талант иесі. Осы ұлағатты жолда ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың

мына сөздерін өзіне басшылыққа алатын : «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады». деген ұстаныммен жұмыс жасайды. Нұрзат мұғалім қазіргі тағда көптеген сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айта кететін болсам .Аудандық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» байқауына қатысып ІІ кезеңге жолдама алып , Кемеңгер жалпы орта білім беру мектебінде ашық сабақ берді.Өз тәжірибесін көрсетіп, жүлдеді ІІ орынды иеленді.Халықаралық ұстаздар күніне орай Кеңес мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Нұрзат Бауржанқызы білім беру бөлімінің басшысы З.Калиеваның Құрмет грамотасымен марапатталды. Кәсіподақ жобалары арқылы «Жаңа Қазақстан-Жаңа Кәсіподақ» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған кәсіподақ жобаларының облыстық байқауына мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрайымы Нұрзат Бауыржанқызы қатысып, облыстық кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Наурызбаеваның «Алғыс хатымен» марапатталды.»Үздік ауыл мұғалімі-2024» облыстық конкурсының аудандық кезеңіне қатысып ІІІ орынды иеленді. Нұрзат әріптесіме алдағы байқауларға сәттілік тілеймін.Тек биік белестерден көріне берсін! Жаңашыл

ұстаз шәкіртке жан - жақты білім беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жайында өмір сүруге тәрбиелеу - өзімнің басты парызым деп санаймын. Олай болса, ертеңгі өмірдің баянды да бақытты болуын қалаған әрбір адам ұстазға құрмет көрсетуді өзінің борышы деп санаған дұрыс.

Қорыта айтқанда, әр мұғалімнің алдындағы мұраты – өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әр оқушыны шығармашылық тұлғаға жетелеу. Әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Мектебімізде осындай жан-жақты , талантты ұстаздар көп болсын! Мен өз мақаламды мына өлең жолдарымен аяқтаймын.

Мақтан тұтып , өз сүйген мамандығын,
Тәрбиелеп, бағыттаған аға буын.
Айшықты бейнені сараптайтын,
Жас маман кезқарасы жаңа бүгін.
Жетістікке жетіп әрбір оқушымыз
Бағындырсын ең биіктің дара шыңын!

Мадине Азира
Кеңес мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Алып бәйтеректей саялы отбасым...

Отбасы-әр баланың қуанышын бөлісетін нағыз жанашыр,аяулы адамдары тұратын мекені. Қиыншылық пен қуанышты бірге бөлісетін жандар. Еркелігінді көтеретін, әрқашан демеу беретін ,қолдайтын алтын ұядағы ең қадірлі жандар. Менің жанұямда 5 жанбыз.



Әрине, ең бірінші- бәріміздің тірегіміз,еңбекқор,әділдікті ,намысты жоғары қоятын-әкеміз-Жеңіс Сартайұлы. Одан кейін мейірімді ,ақкөңіл,қолындағы барымен бөлісе білетін –анашым-Бақытгүл Әшімқызы. Ағам Асқар – артынан ерген іні-қарындасына тірек, алынбас қорғаным. Ағам іні-қарындастарының қуанышына ортақтасып, қас-қабағымен тәрбиелеуші жаным. Аға мен іні арасындағы қарым-қатынас - ең ізгі, берік туыстық қатынас. Ағам- үнемі еркелігімді көтеріп, ақыл-кеңесін аямайтын алып бәйтерегім. Бізге жол бастаушы, бағыт беруші. Мен әрқашан Павлодар қаласы полиция департаментінің полиция рота-

сында қызмет ететін Асқар ағама қарап арқа сүйіп, бой түзеймін. Сондықтан да «Ағасы бардың жағасы бар» деп айтады...Әл әпкем Әселімнің орны мен үшін ерекше. Мектепті «Алтын белгіге» тәмамдап, өз қалауымен Алматы қаласындағы жоғары оқу орнында білім алған,бүгінде Алматы қаласындағы «Айплюс» білім беру орталығы, бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі қызметін атқарып жатқан әпкемнің орнын ешкім баса алмайды.Демалысқа келгенде әпкемнің ыстық құшағына сүңгіп кетіп,бір еркелеп алғанның өзі неге тұрады,шіркін-ай... Балалықтың бал-дәмін осындай жанұяда татып, тәрбие нәрімен сусындап жатқан менің

де болашағым жарқын болары сөзсіз.Мектеп табалдырығын алғаш аттап келгеннен бастап «Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге,Ықыласпен тоқылық..» деп, өлең жолдарын әрбір жан жатқа айтатын Ыбырай атамиздың : «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата - анасын, туған - туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата - анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қанатты сөзін отбасымыз әрқашан тәрбиенің нақ көзі,шамшырағы етіп ұстанады.

Әбікен Жантөре
5 сынып оқушысы
№33 ЖОМ,
Атамекен кенті

Кітап- рухани қазына

Кітап-баға жетпес мұра. Әр оқушы үшін кітап оқу сөздік қорды байытып, жаңа заттарды үйренуге мол мүмкіндік береді. “Күш-білімде, білім-кітапта” деген сөз бекер айтылмаған. Кітап оқыған адам өте білімді,әрі биік белестерге жете алатын тұлға ретінде танылады. Осы орайда, оқушылардың әлеуетін ашу аясында біздің мектебіміз “Оқуға құштар” атты жобаны ұйымдастырды. Мектеп қабырғаларында әр апта сайын



кітап оқуға арнайы уақыт бөлінеді. Осы жоба арқасында “Үш аю”, “Шұбар тауық”, “Түлкі бике мен қасқыр”, “Маугли”, “Қызыл теп-пек” т.б. сияқты кітаптарды оқып шықтық. Бұл ертегілер болғасын

біздің сөздік қорымызды және қиялымызды дамытады. Өртүрлі танымал авторлар еңбектеріндегі қызықты әңгімелерді оқу да ақ пен қараны ажыратып, жақсы заттарға үйретеді.

Негізінен кітап оқуды жақсы әдетке айналдыру керек. Осындай әдетті ұстанатын адамдардың болашағы ашық әрі зор болады. Күнделікті кітап оқу біздің керекті ақпаратты тез түсініп, жадымызды жақсартады. Сонымен қатар мағынасы терең кітаптар адамның ішкі жан дүниесін аша отырып, өмірге басқа көзқараспен қарауға итермелейді.

Кітаптың берер тәрбиесі де көп. Достық, қайырымдылық және т.б тақырыптарға назар аудартып, адамдардың өмірлік тәрбиесіне арқау болып, ақыл-кеңес береді. Осылайша, адамдардың дүниетанымы кеңейеді. Кітаптардың пайдасы мол екені сөзсіз. Сондықтан да әр адам осындай әдетті бойларына сіңіру керектігін жөн көреміз.

«Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
2 «Ә» сынып оқушылары

Әдістемелік көмек –табыстың кепілі

Аққулы ауданының білім бөлімінің әдістеме кабинетінің жоспарына сәйкес мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік сағат өтті.



Оған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен аға тәлімгерлер қатысты. Шарбақты ОМ-нің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгуль Жаскайратовна Сальменова мен Садуақас Сатыбалдин атындағы орта мектебінен Іңкәр Мұратқызы Жакупбековна,

Шарбақты ОМ-нің аға тәлімгері Акмейіл Мұратбекқызы Тюлюмбаева, А.Баймұлдин ат. ОМ Рай-

гуль Таскынбаевна Байшукирова және Жамбыл ОМ-нің аға тәлімгері Насилин Гульшат өз іс –тәжірибелерімен бөлісті.

Әріптестер бір-біріне

құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік кеңес беріп, мектептегі тәрбие үрдісін ұйымдастыруға көмек көрсетті. Жұмыс тәжірибесімен бөліскені үшін білім бөлімінің сертификаттары табысталды.

Асем Оспанова,
Аққулы ауданының білім бөлімі



№№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

1. Ғұлама ғалымның шын есімі – Ғабдулғани. Арабшадан аударғанда «шексіз байлық иесі, өшкімге мұқтажсыз Алланың құлы» деген мағынаны береді. «Ғани», «Ғаныш» еркелете келе «Қанышқа» айналған.

2. Академик Қаныш Сәтбаевтың ең ірі жобасы «Ертіс-Қарағанды» каналы. Сәтбаев 1958-1959 жылдары өзі кәміл сенген істі, Ертіс суын Сарыарқа жонына көтеру жобасын екінші мәрте қозғап, кешенді істің Кеңес үкіметінің жетіжылдық жоспарына енуіне мұрындық болған. Бірақ жобаның құрылысы 1961 жылы басталып, 1967 жылғы желтоқсан айында бірінші кезегі аяқталып, Ертіс суы Екібастұзды жанамалай, 475 метр ердегі Қарағанды мен Теміртау қалаларына жетті. Содан беріде Орталық Қазақстан алқабы иен суға шаш-етектен кенелді. Осы жұмыстың басында жанқиярлық еңбегін сарп еткен қазақтың Қанышы болатын.

3. Қаныш Сәтбаев өнердің сан-саласында озық болған. Музыка тыңдағанды ұнатқан. Биді қадірлейтін. Археолог ғалым Ө. Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан.

4. Қаныш Имантайұлы алғашқы

қалаларында болады. Қажылық сапарында атақты Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантаймен кездеседі. Кейін Қаныштың әкесі Имантай Жыржыстың мешіт үйінде болып, сонда қайтыс болған.

7. Ғұлама ғалым, академик Қаныш Сәтбаев қазақ археологиясының бәйтерегі, ғалым Ө. Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып, Алматыдағы КСРО Ғылым Академиясының филиалына жұмысқа алады. Сондай-ақ Сәтбаев оған археологиямен айналысуға кеңес береді.

8. Ғұлама ғалым, академик Қаныш әкесі Имантайдың кіші жарынан туған. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызымен ширек ғасырға жуық тату-тәтті отасқанымен, орталарында бала болмапты. Нұрым бір қыз туған екен, оның өзі де жастай шетінеп кетіпті. Бір қызығы, Имантайдың бәйбішесі күйеуінің төсек жаңғыртуына қарсы болмай, кіші жарды өзі таңдап берген. Бәйбішенің таңдауы отыздан асқан Әлимаға түскен. Әлима – әйгілі Мұса Шорман әулетінің келіні болған, жасынан жесір қалған.

9. Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Ұлы жазушы

2024 ЖЫЛҒЫ МЕРЕЙТОЙЛАР	
Кенен Әзірбаев	140 жыл
Жүсіпбек Аймауытов	135 жыл
Бейімбет Майлин	130 жыл
Ілияс Жансүгіров	130 жыл
Сәкен Сейфуллин	130 жыл
Тұрар Рысқұлов	130 жыл
Сұлтанбек Қожанұлы	130 жыл
Қаныш Сәтбаев	125 жыл
Әбілхан Қастеев	120 жыл
Әлкей Марғұлан	120 жыл
Шәкен Айманов	110 жыл
Сағадат Нұрмағамбетов	100 жыл
Рақымжан Қошқарбаев	100 жыл
Бердібек Соқпақбаев	100 жыл
Әбдіжәміл Нұрпейісов	100 жыл
Шона Смаханұлы	100 жыл



қазақ мектептеріне арналып ана тілінде жазылған «Алгебра» оқулығының авторы. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қолжазбасының көлемі – 1642 беттен тұрған.

5. 1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қанеке: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті.

6. Әйгілі Жыржыс қажы 1919 жылы қажылық сапарға аттанады. Қасиетті сапарында бабалар рухына тағзым етіп, Мекке-Медина

мен ұлық ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған. Қаныш Имантайұлының көзін көрген Сіләмхан ақсақалдың айтуына қарағанда, екеуі бір жатақханада,

бір пәтерде тұрған. Жастайынан бір-бірін тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан.



10. Қаныш Сәтбаев алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген. Ол кішкентайынан тау-тастардан, қыраттардан әр түрлі түске боялған тастарды жинаған.

11. Қаныш айтқан екен: «Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен дамуы үшін оның штабында – ғылым академиясында халқының, өз Отанының мүдделеріне бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек».

12. Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін орындауды ұнатқан. Қаныш Сәтбаевтың орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыка танушы-фольклорист Александр Затаевич Қаныштың орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған.

13. Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жерасты қазба байлығының картасын жасаған кезде Қаныш Сәтбаев төрт-бес ірі кенішті картаға кіргізбейді. «Бұл қалай?» деген орыс ғалымдарына: «Ондағы рудалар өте тереңде. Қаржыны да, техниканы да көп қажет етеді. Сондықтан бұл жерді картаға кіргізуге әлі ерте», – дейді. Ал өзімен сырлас, сыртқа сыр шашпайтын достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға: «Әдейі жасырып алып қалдым. Кейінгі ұрпаққа да байлық керек шығар!» – деген.

14. Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден: «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы – жаппай құбылыс» деген.

15. Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Ер жеткен соң геология ғылымы саласына қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысады. Дегенмен өзінің топонимикаға деген қызығушылығын да жоғалтқан емес. Кейіннен мұның оған орасан зор пайдасы тиеді.

9стр.



№№1-2
(406-407)

от 31 января
2024 года

Менің әлемім - менің мектебім!

Мектеп-біз көп уақыт өткізетін орын.Бұл біздің екінші үйіміз деп те айтуға болады. Өзімізді таныстыра кететін болсақ,атымыз Нұрислам және Әмірлан.Біз 3 "А"сыныбында оқимыз! Алғашқы ұстазымыз - Байгабылова Рысты Серікқызы, біз үшін ол екінші анамыз. Сол кісі бізді көп нәрсеге үйретті. Адам өміріндегі барлық маңызды нәрселер мектеп табалдырығынан басталады. Мектепте қандай болсаң, кейінгі өмірде де сондай боласың. Балалар әрқашан таңертең ерте тұрып сабаққа барғысы келмейді және үй тапсырмасын орындағысы келмейді. Бірақ анамыз әрқашан білім-біздің болашағымыз үшін қажет екенін түсіндіреді.

Мектепте достарымыз бар, ғылыми жобаға қатысамыз, шахматқа барамыз, мұғаліммен

бірге театрға, киноға барамыз.

Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі! Мектеп жылдары - ең жақсы және керемет уақыт.

Мектепті білім айдынындағы үлкен кемеге теңегіміз келеді. Осы кемеде бала он бір жыл уақытын өткізеді. Болашақта білім алып, лайықты азамат боламыз деп сенеміз!

Мектеп, мектеп – менің жарқын көңілім,

Мектеп, мектеп – шаттыққа толы өмірім.

Мектеп, мектеп, әнім болып тегілдің

Мектеп, мектеп, анам болып көріндің деп қазақта бекер айтылмаған.

**19 мектеп. 3 «А» сынып
Әділбек Әмірлан
мен Әділбек Нұрислам**

Қош бол, сүйікті әліппем!

Кеңес негізгі мектебінде «Қош бол, сүйікті әліппем!»



